

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттар үшін Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу және таңдаушылармен кездесу үшін үй-жай ұсыну туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 мамырда № 140 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 маусымда № 4215 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 278 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 31.10.2017 № 278 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңы 28-бабының 4, 6-тармақтарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясымен бірлесіп (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарға Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін 1-қосымшаға сәйкес орын белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарға Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында таңдаушылармен кездесу үшін шарттық негізде 2-қосымшаға сәйкес үй-жай ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының басшысы С.И. Мақұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"*

*Қазақстан Республикасы
Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев аудандық
сайлау комиссиясының
төрағасы*

2017 жылғы 29 мамыр

А. Бегманов

В. Фиц

**Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаттығына
кандидаттар үшін Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында үгіттік баспа
материалдарын орналастыру үшін белгіленген орын**

№ р/ с	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін белгіленген орын
1	Булаев қаласы	Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 45 "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің "Халық өнерпаздарының шығармашылығы және бос уақыт қызметі орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның ғимаратына іргелес аумақтағы ақпараттық стенд

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2017 жылғы
29 мамырдағы № 140 қаулысына 2-
қосымша

**Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаттығына
кандидаттарға Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында
таңдаушылармен кездесу үшін ұсынылған үй-жай**

№ р/с	Елді мекеннің атауы	Кездесулер өткізу орны
1	Булаев қаласы	Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласы, Буденный көшесі, 10 "№ 2 Булаев орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы